



Суреттерді түсіргендер – А. ДИСЕНБЕКОВ, Е. УЖИЕВ

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді.

Жиын барысында барлық салалық ведомствоньың атына сын-ескертпелер айтылып, егжей-тегжей талқылау өтті. Мемлекет басшысы экстремизм мен терроризмге қарсы күресті және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған үйлесімді жұмысты күшейту

қажет екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев заң және тәртіп қандаты негізінде жұмысты ұйымдастырудың аса маңыздылығын атап өтіп, аталған салалардағы жағдайға талдау жасады. Президент азық-түлік және экологиялық қауіпсіздікті

қамтамасыз етудің, ел азаматтарын алаңдататын мәселелерді шешу үшін цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті дамытудың өзектілігіне тоқталды. Мемлекет басшысы барша қоғамның мүддесі үшін Үкіметке Әділетті Қазақстанды құру бағдарламасын іске асыруға күш салуды тапсырды.

Экономика өсімі 5,4 пайызды құрады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркендеудің жаңа бағыттары және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жұмыстары жөнінде баяндалды. Биылғы қантар-ақпан айларында экономиканың өсімі 5,4 пайызды құрады.

Премьер-министр Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы жүктеген ірі инфрақұрылымдық және энергетикалық жобаларды іске асыруға, цифрландыру мен адами капиталды дамытуға қатысты міндеттерді орындау



үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы жетекшілік ететін Республикалық штабтың су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі есебін тыңдады. Жағдай тәулік бойы бақылауға алынған.

37 мыңнан аса қызметкер мен 13 мың техника дайындалды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын қолдау, инвестиция тарту және әлеуметтік саясатты жетілдіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер бір-бірін келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтап, бауырлас халықтарға бақ-береке тіледі. Мемлекет басшысы әңгімесу барысында екіжақты

ынтымақтастықтың даму қарқыны жоғары екенін атап өтіп, оның Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастардың деңгейіне

толық сай келетінін жеткізді. Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растады. Сондай-ақ алдағы уақытқа жоспарланған кездесулер кестесін талқылады.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:
1) 1-бап мынадай мазмұндағы 21-3) тармақшамен толықтырылсын:

8 >

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 5) тармақшасына сәйкес атом саласын одан әрі дамыту және ядролық қауіпсіздікті нығайту мақсатында **ҚАУДЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің уран өндіру бөлігінде жер қойнауын пайдалану, атом энергиясын пайдалану, халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі салаларындағы функцияларын және өкілеттіктерін бере отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) құрылсын.

9 >

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А. Сәтқалиев туралы

Алмасадан Майданұлы Сәтқалиев Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 18 наурыз № 819

Табиғатпен тең түлеген шақ



Табиғат-ананың мейірімінде шек жоқ. Түркі абызы Жүсіп Баласағұнның «Кімдікім жапырақтан алмаса тәлім, оны оқыта алмас еш мұғалім» деген даналығында мән бар. Неге десекізі, тоғыз түлеп, тоқсан шалқыған табиғат тылсымы адамзатқа жаңаруды, тазаруды өз құбылыстары арқылы үйретіп келеді. Наурыз мерекесіндегі Жаңару күні біздің сол табиғатпен бірге жаңаруымызды, рухани түлеуімізді меңзесе керек.

Батырхан СӘРСЕНХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Қай тұрғыдан қарасақ та, жаңару күнінің тамыры тереңде. Наурыздың шуақты күнінде бабаларымыз күнәдан тазаруды мұрат тұтып, бір-бірін кешіріп, киім-кешектерді тазартып, үйді жинап, өкпе-реніш пен өшпенділікті ұмытқан. Сондай-ақ бұл күні ежелде Шығыс елдері кез келген соғысты тоқтатқан деседі. Қазақ ақсақалдары дауласқанның дауына



Суретті түсірген – Еран ОМАТ, «EGEMEN»

тоқтау айтып, ру-тайпалардың одағын бітімге келтірген. Этнограф Болат Бопай Жаңару күнінің мағынасы жөнінде былайша ой өрбітеді.

– Табиғат жаңарып жатыр, аю, жәндіктер тоғызыншы наурыздан бастап ояна бастайды. Жердің астындағы өсімдіктердің тамыры тырс етіп жарылып, көктеуге бет

алады. Индегі тышқандар жердің бетіне шығып, жорғалай бастайды, – деп этнограф өз ойын жалғайды.

6 >

ӨНДІРСІ ӨРІСІ

Балық шаруашылығының әлеуеті қандай?

Өңірде табиғи суқоймаларын тұрақты табыс көзіне айналдырып отырған жетпіс шақты шаруа қожалығы бар. Қол қорып, ау құрған кәсіпкерлердің дені негізінен сазан, шортан, алабұға, табан өсіреді.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Тың ізденіске барып, заманауи жасанды жабық бассейін орнатып, Тобыл-Торғайда кездесе қоймайтын бағалы балық өсіріп жатқандар да бар. Тобыл қаласындағы «Қостанай бекіресі» серіктестігі жабық ғимараттағы 16 бассейінде бекіре өсіріп жатыр.

5 >

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Алдын ала қамданыс

Былыр су тасқыны Атырау халқын біраз әбігерге салған. Көктем шығып, күн жылына бастағаны сол-ақ екен, жергілікті жұрт была тағы беймаза күйге түсті. Өйткені Атырау облысының Жем, Қиғаш өзендерінде су тасқыны қауіпі жоғары екені анықталып отыр. Өңір басшылығы аталған су айдындарының маңында орналасқан елді мекендерді қорғаудың қамына кірісіп кетті.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыс әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, алдына ала бағалауға сәйкес былырғы тасқын қауіпінің қайталануын жоққа шығаруға

болмайды. Сол себепті бұған дейін соғылған бөеттер реконструкцияланып, қалыпқа келтіріліп жатыр. Оған қажетті қаржы қарастырылған. Материалдық-техникалық резервтер толық жинақталған.

11 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...

3 мыңнан астам оқушы «Қамажай» биледі

Астаналық 3 мыңнан астам оқушы қыз бір мезетте халық биі «Қамажайды» билеп, жатпай орындау бойынша рекорд орнатты, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Флеш-моб «Наурызанама» онкүндігі аясында өтіп, Ұлттық киім күніне орайластырылды. Ұйымдастырушылар – елорданың Білім басқармасы мен Техникалық және көркем шығармашылық орталығы. Флеш-моб ерекше сәтпен аяқталды: көрермендер би билеген оқушы қыздарға қосылып, олардың қимылын қайталады. Биші қыздар қызғалдақ гүліне ұқсаған әдемі көрініс жасады.

БҮГІН БАСЫЛЫМДА

Қазына аралы

Ерқашты, ойсоқты күйі келе жатып, Алаш ту тіккен Жетішатыр қаласына жетіп қалғанымызды да аңдамаптың. Жарты күндік жолдан түскен беті, бел шешіп, аяқ суытпастан бірден орталыққа тарттым. Келіп тұрған жерім – кітапхана. Көк түспен көмкерілген көне ғимарат. Борхесие айтсам, «жұмаққа» енгелі тұрмын.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМЫ:

EUR/KZT 542.77 USD/KZT 496.41 RUB/KZT 6.05 CNY/KZT 68.68

ЕРТЕҢ – «ЕГЕМЕНДЕ»

Құқықтық сауат қоғамды алға жетелейді

Бақытты қоғам бақытты отбасылардан құралады. Ал сол бақытты өмірдің баспалдағы өзара сыйластық пен үйлесім салтанат құрған, заңға да, арға да сүйенетін азаматтардың таным-түсінігімен берік. Құқықтық сауаттың болмаса, кәрмеуі көп күрделі мәселеге күн сайын тап болуың мүмкін. Бүгінгі күннің бедерінде отбасындағы құқықтық сауат қоғамның рухани сауатты арттыратын маңызды құралға айналып отыр.

